



---

Мухомов  
- миссия  
р. Назаров

# НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

*Туған  
ели  
- тірегі*

Республикалық мемлекеттік  
«Рауан» баспасы  
Алматы 2001

**ББК 67.99 (5 қаз) 0**  
**Н 17**

**Н17 Назарбаев Н. Туған елім – тірегім**  
Құраст. М.Қасымбеков,  
Қ.Әлімқұлов. – Алматы: Рауан,  
2001. 128 бет

Бұл кітапқа Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кітаптарындағы, алқалы жиындар мен кездесулерде, ел аумағының әр жерлерінде сөйлеген сөздеріндегі өмірдің сан саласын қамтитын қанатты сөздері топтастырылған.

**ББК 67.99 (5 қаз) 0**

ISBN 5-7667-8110-5

Н 1203020160-27 кұлақтандырусыз  
**404(05)-2001**

© Назарбаев Н., 2001

## **Ой тербеген орамдар**

Саяси қайраткерлердің қай-қайсысы да алдына қойған мақсат-мұратына жетуі үшін жұртшылықты өз ойының дұрыстығына иландырып, халықтың қолдау-сеніміне ие болуға тиіс. Ал мұның өзі алқалы жиындарда сөйлеген сөздері мен мерзімді баспасөзде, жеке еңбектерінде жарияланған ойлары арқылы қоғамдық санаға сіңіп, жүзеге асатыны белгілі. Демек, ол ойлардың көпшілік көкейіне қонымды, жүрекке жылы тиер жұмыр да нанымды болуы – қайраткер жетістігі мен жеңісінің алғышарты.

Ал ондай ойлардың уақыттың таңдауымен, халықтың қолдауымен тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып тарихқа енген тұғырлы тұлға

Н.Ә.Назарбаевты дәйім тербеп, толғантып жүретініне бүгінде тәнті болмаған адам кемдекем. Ендеше, Елбасының:”... халықпен тіке тіл қатысу – кез келген саясатшы үшін жеңіл сын емес”, — деп ағынан жарылуы тегіннен-тегін болмаса керек.

Мемлекет басшысы “Өнер алды – қызыл тіл” дейтін, екісінің бірі айыр көмей абыз халықтың төл перзенті ретінде ойының орамды, тілінің шұрайлы болуына әрдайым баса назар аударады.

Елбасының: “Садағаң кетейін, айналайын халқым! Сенің мүддең жолында бойда қуат, ойда нәр – бәрін аянбай сарп етуге пейілмін!” , ”Қандай да қасіретке қабырғасы қайысса да, қаймықпай төзе білген, қажырлы да қайсар қазақ халқының алдында мен басымды иемін!” , “Менде Қазақтың елдігін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін нығайтудан басқа мақсат та, арман да жоқ!” , ”Осы елдің Президенті ретінде де, осы ұлттың бір перзенті ретінде де дәйім көңілімнің төрінде тұратыны – туған халқым” деген сияқты

сертпен тең тегеурінді тіркестерінің елім деп еңіреген ердің антындай шындығы екеніне сөзсіз сенесіз. Отаны ортақ азамат ретінде қалтқысыз қабылдайсыз. Қабылдайсыз да қапысыз қостайсыз.

Кітап шартты түрде тоғыз бөлімге бөлінген. Әрине, өмірдің сан саласын қамтыған бұл пайымдауларды басқаша да топтастыруға болар еді. Алайда, мәселе тараулардың санында емес. туған халқының тағдырын ойлағанда түн ұйқысын төрт бөлетін Нұрсұлтан Әбішұлының жүрек жарды жан тебіреністерін жалпақ жұртшылыққа жеткізуде. Сондықтан да саңлақ саясаткер, тұңғыш Президентіміздің ел бірлігі, жер тұтастығы, мемлекеттің қуаты мен халықтың болашағы туралы орамды ойларын осы күйінде ұсынып отырмыз.

Бірінші  
бөлім

---

*Әңсегі  
көтерер  
ели  
бар*



*Туған елім – тірегім*

Ел көшін бастау – маған сын,  
мені қостау – елге сын.



Қабырғалы халқы болмаса, қандай  
басшының да тауы шағылмай,  
тауаны қайтпай қоймайды.





---

*Еңсемді көтерер елім бар*

Жырақтағы жұртың жаутаңдап  
қарап отырса, кісінің жаны қайтіп  
жай табады?..



Тамағыңды тауып жерлік кәсіп,  
одан да тәуір қызмет жолығар. Бірақ  
ол қара орманың — өскен еліңнің  
ортасында жүріп ішкен бір жұтым  
қара суға қайдан татысын?!



---

*Туған елім – тірегім*

Елдің бетінде, желдің өтінде жүрген  
адамға сынақ көп.



Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның  
ашыса, азаматтық намысың болса,  
қазақтың ұлттық жалғыз  
мемлекетінің нығайып-көркеюі  
жолында жан теріңді сығып жүріп  
еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі  
өзің екеніңді ұмытпа!

---



---

*Еңсемді көтерер елім бар*

Өз халқын сүйген адам ғана оның  
тағдыры үшін күйе алады.



Халықтың сенімін ақтаудан артық  
абырой жоқ, болуы да мүмкін емес.



---

*Туған елім – тірегім*

Мейлі сен патша, не қойшы бол,  
бәрібір... Атамекеніңнен табаның  
тайса — жетімексің ...



Екінші  
бөлім

---

*Ғабалар  
рухы – аруақтар  
әелен-әсебегей*



---

*Туған елім – тірегім*

Рухы еркін халық қана ұлы істерді  
атқара алады.



Ежелден рух еркіндігін ерекше  
қастер тұтқан халқымыздың асыл  
дәстүрлерін жаңа заманға жара-  
сымды жалғастыруымыз қажет.



---

*Бабалар рухы - аруақтар желеп-жебегей*

Біз кешегісі тұлдыр, болашағы  
бұлдыр халық емеспіз.



Өзін-өзі қорғай алған елдер ғана  
өсіп-өркендеген.



---

*Туған елім – тірегім*

Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз.





---

*Бабалар рухы - аруақтар желеп-жебегей*

Қазақтың ұлттық рухы оның  
ерлігінде жатыр.



Өткен жолын жетік білетін қауым  
алар асуларын да айқын елестете  
алады.



---

*Туған елім – тірегім*

Өзімізді жамандай бергенде, бізге  
жақсылықты кім әкеледі?!



Бабаларын қалтқысыз қастерлей  
алған халық балаларының болашағын  
да қапысыз қамдай алмақ.



*Бабалар рухы - аруақтар желеп-жебегей*

Қазақ баласының мызғымас та  
мұқалмас ерлік дәстүрінің тамыры  
тереңде жатыр.



Салтанаты жарасқан қаласы бар,  
байтағы ұшан-теңіз даласы бар,  
аруақ қолдаған бабасы бар ел  
екендігімізді мақтан етейік!



---

*Туған елім – тірегім*

Біз тойларды тарихтан тағылым алу, Ұлылықтан Ұлағат алу үшін өткізуіміз керек.



Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар көзі қазақ халқының сан ғасырлар бойғы күресінде, азаттыққа ұмтылған қайсарлығында жатыр.

Үшінші  
бөлім

---

*Тарихтың  
тегеурінді  
тасқынында*



---

*Туған елім – тірегім*

Тарих — кім-кімнен де жоғары  
тұрған ұғым.



Қасиетті қазақ жері — ата-  
бабаларымыздың даңқты тарихын  
атының тұяғымен жазып кеткен жер.



*Тарихтың тегеурінді тасқынында*

Тарих – өткеннің сабағы,  
алдағының кейінгіге өнегесі.



Жалпақ жұртыңды, исі алашыңды  
құрметтеу алдымен өзің тұрған  
өлкенің тарихын, табиғатын танудан,  
адамдарын ардақтаудан басталады.



---

*Туған елім – тірегім*

Өткеннің өнегесі — бүгінгінің баға  
жетпес байлығы.



Тағдыр қазаққа қырын қарамаған:  
жер де берген, кен де берген, ел де  
берген, ер де берген.





*Тарихтың тегеурінді тасқынында*

Тарихты елдің азаматтары  
жасайды.



Қазақ ұлты басқа қай ұлтпен  
салыстырғанда да мемлекеттікке  
лайық екеніне сенімдімін. Мұны ол  
өзінің бүкіл тарихымен дәлелдеп  
отыр.



---

*Туған елім – тірегім*

Қазақ тарихында қазақ Ұялатын ештеңе жоқ.



Ата-бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтың, тұтастықтың ұлы үлгісін көрсетіп кетті. Қазақстанның арғы-бергі тарихының ең гибратты тағылымы да, міне осында.



*Тарихтың тегеурінді тасқынында*

Нақақ көз жасы мен нақақ төгілген  
қан ешқашан да ұмытылуға тиіс емес.



Адамның әр ісі – жасаған барлық  
жақсылығы мен жамандығы – кейінгі  
ұрпақтар тарапынан әділ бағасын  
алмай қоймайды.



*Туған елім – тірегім*

Қазақ елінің озып, үдеген кезі де,  
тозып, жүдеген кезі де аз емес.



Өткеннің өкінішін айтқанда елдің  
еңсесін езе түсетіндей етіп емес,  
тарихтан тағылым алып, кемшілік-  
терден беже түсетіндей етіп айту  
керек.



*Тарихтың тегеурінді тасқынында*

Қазақтың кең-байтақ жерінде  
аңызға айналмаған тұс тіпті аз, бәрі  
де қастерлі өлке, қасиетті мекен.



Өткенді тану, тарихты терең  
пайымдап, оған әділ баға беру үлкен  
парасаттылық пен жауапкершілікті  
талап етеді.



*Туған елім – тірегім*

Біз — қандай қиын-қыстау сындарда да өзіміздің жауынгерлік даңқымызға дақ түсірмеген халықпыз.



Өткендердің қадірін білу, олардың арман-мүдделерін жалғастыру — адамгершілік парыз ғана емес, қоғамдық дамудың, ілгері басудың негізгі алғышарттарының бірі.



*Тарихтың тегеурінді тасқынында*

Қазақ халқы — дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халық.



Тарихты жеңіл-желпі аңыз сөздердің жиынтығы деп қарайтын адамдар шынында да тарихтан тағылым ала алмайды.



---

*Туған елім – тірегім*

Өткен заманды аңсау емес,  
тауқыметі мол болса да, өзіңе етене  
өз тарихыңды қастерлеу қажет.

---

Көшпелілер мал жайып өткен  
жерінің бәрін өздерінікі санай берген  
дейтін сандырақты ғылыми тұрғыдан  
әшкерелеу шарт.



Төртінші  
бөлім

---

*Тіл мен діл,  
дінім – дем  
берер тiнім*



*Туған елім – тірегім*

Ана тілі — бәріміздің анамыз,  
өйткені ол — ұлтымыздың анасы.



Ана тілін қадірлеу — әр азаматтың  
перзенттік парызы.



---

*Тіл мен діл, дінім - дем берер тінім*

Ұлттық тілмен ұлттық сана  
қалыптасады.



Ана тілін армансыз бойға  
сіңіріңіздер, өйткені бабаларымыздың  
ғұмыр тәжірибесі, дүниетанымы,  
мінез-құлқы, өзіндік болмыс-бітімі  
осы тілде қаттаулы жатыр.



---

*Туған елім – тірегім*

Тілге деген көзқарас — шындап келгенде, елге деген көзқарас.



Қиын кезеңдерде Ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі бүгінгі азат өмірімізде де Ұлтты тұтастандырудың тегеурінді тетігі болуға тиіс.



---

*Тіл мен діл, дінім - дем берер тінім*

Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін.



Ана тіліміз — бізді ғасырдан  
ғасырға, заманнан заманға аман  
жеткізген бірден-бір барымыз да,  
нарымыз да.



*Туған елім – тірегім*

...Дауға салса алмастай қиған,  
сезімге салса қырандай қалқыған,  
ойға салса қорғасындай балқыған,  
өмірдің кез келген орайында әрі қару,  
әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі  
жас, отты да ойнақы Ана тілінен  
артық қазақ үшін бұл дүниеде  
қымбат не бар екен!?



---

*Тіл мен діл, дінім - дем берер тінім*

---

Бізге Ана тілімізден асқан тарихи мұра жоқ. Ендеше, оны жан аямай қастерлеуден асқан биік парыз да жоқ.



Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол — білім. Ол шетел тілінде сөйлесе — тіпті жақсы. Бірақ он шетел тіліне орап, ана тілін тұншықтырып, көміп тастасаң — ол кешірілмес күнә.

---



*Туған елім – тірегім*

Абайдың сөзі — қазақтың  
бойтұмары.



Ғасырлар бойы қазақтың ұлт  
ретіндегі мәдени тұтастығына ең  
негізгі ұйытқы болған — оның  
ғажайып тілі.





---

*Тіл мен діл, дінім - дем берер тінім*

Тарих пен тіл тамырлас.



Домбыра үніне ұйымаған, жусанды  
даланың исін аңсамаған қазақты  
қазақ деп айтудың өзі қиындау.



*Туған елім – тірегім*

Діни фанатизм нанымның кеңдігінен емес, шынайы діни мәдениеттің кемдігінен шығады.



Ғасырлар бойы бірде ерлікке, бірде ездікке тартып келген екі мінез бүгінде бойымызда бар. Жақсы жағын ойдағыдай жалғастырып, сезіне алмадық, жаман жағынан біржолата безіне алмадық.



---

*Тіл мен діл, дінім - дем берер тінім*

Аталарымыздың тар кезеңде табысып, бірлік-берекесін көрсеткен жақсылығымен қатар кеңшілікке шыққанда кесірлік танытып, ала болып ауыздағыларынан айырылып, өзара қырқысып кететін жаманшылығының қабат жүретіндігі де өзекті өртейді.



*Туған елім – тірегім*

Ел туралы жадағай ойлау да,  
халықтың тағдырымен ойнау да түбі  
жақсылыққа апармайды.



Халық кешпейтін бір-ақ нәрсе бар:  
елдің қолына зарықтырып барып  
қонған бақыт құсынан — Тәуелсіз-  
діктен айырылуды кешпейді.



*Тіл мен діл, дінім - дем берер тінім*

Бүгінгі таңда ел қамынан басқа қандай мүдде болуы мүмкін?

Сондықтан елдің ақыны да, әкімі де бір мақсатты көздеуі керек.

Біз жиырма бірінші ғасырдың қазақтардың шындап бағы жанатын ғасыры болуы жолында, қай жағынан да көсегесі көгерген халықтар қатарына қосылуы жолында бәріне де тәуекел ете алуға тиіспіз.



*Туған елім – тірегім*

Біз етекке жабысқан, ағайынмен алысқан, билік жолында Ұлттың Ұлы мұраттарын да ұмытып кететін адамдарды айыра білуіміз керек.

---

Егер біз мемлекет болып тұрғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн.

---



---

*Тіл мен діл, дінім - дем берер тінім*

Теңізде дауыл тұрғанда түбіндегі  
қоқыстың бәрі судың бетіне шыға  
келеді.



Мәселе — қай топтың жеңетінінде,  
немесе билік басына кімнің  
келетінінде емес, мәселе —  
Тәуелсіздіктің тағдырында.



*Туған елім – тірегім*

Халқына жаны шындап ашитын  
қайраткер орға жығатын емес, өрге  
шығатын жол сілтейді.





Бесінші  
бөлім

---

*Әмір  
бір аққан  
дария...*



*Туған елім – тірегім*

Өмір де аққан дария сияқты, бір  
орнында тұрмақ емес.



Елдің тағдыры — өз қолымызда.



*Өмір бір аққан дария...*

Елдік те ерлік сияқты сын сағатта  
танылады.



Ұлыстың ұлы күні — көңілде кірбің  
қалмай қауышатын, түсіністікпен  
табысатын күн.



---

*Туған елім – тірегім*

Адам мәңгі жасамайды, мәңгі жасайтын – оның ісі.



Наурыз — Жыл басы ғана емес, береке-бірліктің, ізгілік пен татулықтың, қайырымдылық пен кешірімділіктің, бауырмалдықтың мерекесі.



*Өмір бір аққан дария...*

Қазақты Құдай шыдамнан  
ажыратпасын.



Қазақ даласы – Ұлы Түркі елінің  
қара шаңырағы.



*Туған елім – тірегім*

Өз алдымызда, болашақ ұрпақтың алдында адал болайық, уақыт пен ел тағдыры үшін жауапкершілігімізді ұмытпайық!

---

Еліміздің басты байлығы, ең қастерлі қазынасы жердің астында да емес, үстінде де емес — адамдарымыздың жүрегінде.

---



---

*Өмір бір аққан дария...*

Тарихты тудырушы да,  
мемлекеттік биліктің бірден-бір  
бастау-бұлағы да — халықтың өзі.



Ежелден құт-береке дарыған  
халқымыздың дарқан көңілі ешқашан  
ортайған емес.



*Туған елім – тірегім*

Сөзден жаңылып, ізден адасатын  
ретіміз жоқ.



Азаттық жолы Ұзақ та тауқыметті.  
Оны баянды ете білу де оңай шаруа  
емес.





---

*Өмір бір аққан дария...*

Өтпелі кезеңнің өкпек желі соғар  
да өтер.



Бел де талар, беттен жел де қағар,  
бәріне көну керек, бәріне төзу керек.



---

*Туған елім – тірегім*

Ақыл табылмай тұрып, ештеңе  
табылмайды.



Қазақтың қасиетті жерінің асты да  
байлық, үсті де байлық.



*Өмір бір аққан дария...*

Атадан қалғанның бәрі бірдей  
алтын емес.



Намыссыз азамат өзгелердің түгілі  
өзінің көсегесін де көгерте алмайды.



*Туған елім – тірегім*

Әрбір шаңырақ Ұрпақты болсын,  
ырысты болсын, ырысы жұртқа  
жұғысты болсын!



АЛТЫНШЫ  
бөлім

---

*Әркениет  
өлкесіндегі  
өріс*



---

*Туған елім – тірегім*

Әйел өзін сенімді сезінген жерде  
отбасы да берік, балаларының  
болашағы да жарқын.



Өзіндік төл мәдениетін құрған  
бірегей көшпелі өркениет бүгінгі күні  
әлемдік өркениеттер Олимпінен  
заңды түрдегі орнын иеленіп отыр.



---

*Өркениет өлкесіндегі өріс*

Әйел — өмір тірегі ғана емес, әйел —  
өмірдің өзі.



Шығыс халықтарының арасында,  
жалпы мұсылман әлемінде әйел затын  
бөлекше бағалайтын, қарындасты  
қатты қастерлейтін халықтың бірі де,  
бірегейі де — біздің қазақ.



---

*Туған елім – тірегім*

Жер бетіндегі жақсылық, ізгілік, қайырымдылық атаулының бәрі де ананың ақ сүтінен тарайды.



Әйел — бесік иесі. Демек, әйелдің жайы түзелмей — бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзелмей — еліміз толық түзелмейді.





*Өркениет өлкесіндегі өріс*

Әйелдің жағдайы қандай болса,  
қоғамның жағдайы да сондай болады.



Қоғамның даму барысын өмірде  
нәзік, көңілде биік, ал істе мығым  
әйелдер қауымынсыз көзге елестету  
мүмкін емес.



*Туған елім – тірегім*

Адамзаттың арманы — рухани  
бостандық пен сөз еркіндігі.



Рухани құндылық, биік  
адамгершілік жоқ жерде Үлкен  
өркениет орнату мүмкін емес.



---

*Өркеніет өлкесіндегі өріс*

Бақ та, тақ та таласқанға  
бұйырмайды, халықтық істе  
жарасқанға бұйырады.



Адам мен оның өмір сүру құқығы,  
бостандығы — қоғам дамуының  
басты басымдығы.



---

*Туған елім – тірегім*

**XXI ғасыр мәдениеттің, ғылым мен ақыл-ой бәсекесінің ғасыры болмақ.**



**Экономикалық бостандықсыз саяси бостандық та болмайды.**



*Өркениет өлкесіндегі өріс*

Тапқаныңды ғана тарата аласың,  
қолыңда барыңды ғана бөліске  
саласың.



Экономикалық дәулетіміз  
артпайынша, рухани сәулетіміз де  
артпайтынын анық ұғынуымыз  
қажет.



*Туған елім – тірегім*

Адамдар елдің өмірі қалай өзгеріп жатқанын өздерінің тұрмыс-тіршілігінен байқайды.



Нарық ебі жоқтың ғана еншісін алып, құтын қашырады, ал алғырдың, амалшыл адамның несібесін асырады.



---

*Өркеніет өлкесіндегі өріс*

Құқық жоқ жерде — бостандық та,  
демократия да жоқ.



... соғыс ең басты құндылықты —  
адамның өмірін үзіп түседі. Ал  
өмірден артық ештеңе жоқ.



*Туған елім – тірегім*

Жерден өтер байлық жоқ: жер болса — ел болады, ел болса — ер болады.



Дүние-байлық пен жан байлығы сәйкес келгенде ғана бүкіл адамзат мұрат еткен саналы қоғам құруға болады.



Жетінші  
бөлім

---

*Дұрысын  
ынтымақтың  
цлықтайық*



*Туған елім – тірегім*

Бірлік — біздің қасиетті туымыз.



Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, болашағына сенбейінше, біздің жұмысымыз ілгері баспайды.



*Ырысын ынтымақтың ұлықтайық*

Отаны бірдің — тілегі бір, жүрегі бір.



Ғасырлап күтіп, әзер қол жеткен азаттықтан айырылып қалмау үшін ішкі татулықты да, сыртқы татулықты да көздің қарашығындай сақтай білу керек.



*Туған елім – тірегім*

Ордабасы биігінде бар қазақтың басын қосып, тірі қалу үшін ірі болу керектігін, ірі болу үшін бір болу керектігін ұрпақтан ұрпаққа ұқтырып кеткен үш ұлы биіміз — Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би де алдымен қазақтың бар баласының азаттықты мұрат тұтуын қамдаған.



---

*Ырысын ынтымақтың ұлықтайық*

Халықтар арасындағы келісім мен достықтың алтын тамыры қазақтарға тән асыл қасиеттерде жатыр.



Біз өзіміздің арғы, бергі ата-бабаларымыздың жүздеген буынының қалдырған өсиетін ақтап, мұраларын сақтап, молайта беру жолында топтасуға тиіспіз.



*Туған елім – тірегім*

Қашанда, қай істе болсын ханы мен халқы бір болып, тұтастық құрғанда мемлекет нығайып, ел ырысы тасады; ал халқы қолдамай, ханы халқын қорғамай, өзімшілдік өктемдік алып, өзара талас-тартысқа түскенде мемлекет әлсіреп, ел ырысы қашады.



---

*Ырысын ынтымақтың ұлықтайық*

Үдеудің сыры — бірлікте,  
Жүдеудің сыры — алауыздықта.



Көп ұлтты ел болуымыз — біздің  
байлығымыз, мақтанышымыз.



---

*Туған елім – тірегім*

Өзгенің төріне шығу үшін өзің де  
мейманыңа төріңнен орын бер.



Бізді біріктіретін жеке бастың  
қамы емес, бізді ел туралы биік  
ұғымдар, ортақ мүдделер ғана  
біріктіре алады.





*Бірысын ынтымақтың ұлықтайық*

Адам мен адамды, халық пен халықты, ел мен елді жақындастырар ең берік дәнекер — мүдде бірлігі.



Көршілік хақысы мүдделерді біріктірмей қоймайды.



*Туған елім – тірегім*

Бірлігі жақсының тірлігі тапшы  
болмайды.



Қазақ халқының өз ынтымақтығы  
мен бірлігі мықты болмайынша  
мемлекетіміздің тұтастық келбетін  
сақтау мүмкін емес.



*Бірысын ынтымақтың ұлықтайық*

Қазақтың бәрі де бір-біріне  
ағайын.



Ел бірлігі — ең асыл қасиет.  
Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен  
парасаттылық, ең алдымен өзімізге —  
қазақтарға керек.



---

*Туған елім – тірегім*

Ауызбіршілік жоқ жерде ешқашан  
да ұлттық идеялар жүзеге асқан емес.



Қазақты еш уақытта сырттан жау  
алған емес, ала алған емес, қазақ  
әлсіресе — алауыздықтан әлсіреген,  
күшейсе — бірліктен күшейген.



---

*Ырысын ынтымақтың ұлықтайық*

Елдік тұтастыққа жік түсіретін,  
ағайын арасын суытатын  
қадамдардан аулақ болайық.



Қазақ өзімен өзі тату болмай,  
өзгемен ешқашан да тату бола  
алмайды.



---

*Туған елім – тірегім*

Біз Ордабасыны бабаларымыздың бастамасымен баян тапқан берекелі бірліктің құт ұясы деп білеміз.



Жаңа үйдің берекесі қабырғасының қиюымен емес, сол үйдегі теңнің жиюымен, демек, отбасындағы сыйластықпен, татулықпен кіреді.



*Ырысын ынтымақтың ұлықтайық*

Қазіргі ру-тайпалық идеология — бұл ішкі ұлттық ыдырау мен бағдардан айырылудың өте қауіпті түрі.



Ендігі жерде біз бәріміз бір атаның — қазақ халқының ұлымыз. Ендігі жерде бәріміздің де туған жеріміз біреу — ол жалпақ Қазақ даласы.



*Туған елім – тірегім*

Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды.

Қазақстандағы Ұлтаралық жарастықтың негізгі ұйытқысы болу міндетін алдымен осы атамекеннің иесі – қазақ халқы өз мойнына алу керек.





*Ырысын ынтымақтың ұлықтайық*

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.



---

*Туған елім – тірегім*

Атырау мен Алтайдың арасындағы  
алып даланы жайлап жатқанда,  
мемлекеттік реттеуші тетіктері іске  
қосылмай тұрған кездің өзінде ешқашан  
да, еш жерде қазақта тайпа мен тайпа  
тұрмақ, ру мен ру соғысып көрмеген!

Сегізінші  
бөлім

---

*Санадағы  
сертіліс  
стратегиясы*



---

*Туған елім – тірегім*

Бүгінгі қазақ қауымына аса қажет нәрсе — өзіміздің намысшылдық дәстүрлерімізді дамыту.



Тарихтың соншама бай, сан қырлы болып келетіні сияқты, танымның жолы да сан тарау.





Кез келген халыққа бәрінен бұрын  
асқақ рух керек.



Бұл дүниеде біздің бір ғана  
Отанымыз бар, ол — тәуелсіз  
Қазақстан.



---

*Туған елім – тірегім*

Зиялылар бірлігі — ел бірлігі.



Ұлылар қашанда халықты рухани  
асылдандырып отырған.



Тарихтың тағылымы бізден ел  
қамын ойлар естілікті тілейді.



Ақынның, шешеннің данагөй сөзі  
халық үшін қашанда қастерлі,  
қашанда қасиетті.



*Туған елім – тірегім*

Ұлылардың ұлағатын ұмытпау — ел боламыз деген халықтың тарих алдындағы парызы.

Зиялылар — қай заманда да өмір сыры мен сынын жан-жүрегімен бағамдап, толғай білген, халқының келешектегі тағдырын зерек көңілімен болжай білген жандар.





Ұлтымыздың зиялылары — халқымыздың қиядағыны шалатын қырағы жанары, қоғамымыздың әділ қазысы.



Нағыз отаншылдықтың басты өлшемі де біздің зиялыларымыздың адалдығы мен әділдігінде, елі мен халқының алдындағы парызын терең түсінуінде.



---

*Туған елім – тірегім*

Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді. Бұл — азаттық үшін алысқан мың-мыңдаған азаматтардың қасиетті қанының өтеуі. Бұл — бүкіл тарихында өзгелерге қиянат жасау дегенді білмеген халықтың пейілінің қайтарымы.



*Санадағы серпіліс стратегиясы*

Ұлттық идея идеология жәдігөйлерінің ашқан жаңалығы емес, миллиондаған адамдардың өздерінің Ұлттық міндеттерін түсінуінің жемісі болып табылады.



*Туған елім – тірегім*

Сын сағатта елдігіміз де, ерлігіміз  
де бойымыздан табылуға тиіс.



Кез келген, тіпті ең керемет деген  
идеялардың өзі, егер оларды жүзеге  
асыру үшін адам қанын, көз жасы  
мен тақсыретін талап етсе, көк  
тиындық құны болмайды.



Адам еркін болмайынша қоғам  
еркін болмайды.



Өз мемлекетіміз үшін мақтаныш  
сезіміне бөленіп, біртұтас отбасы  
сезімін сезінуге, қазір бүкіл дүние  
жүзі білетін республика Туын,  
Елтаңбасын, Гимнін ардақтап,  
құрметтеуге тиіспіз.



*Туған елім – тірегім*

Мәртебелі болашақ туралы  
армандай отырып, мерейлі өткенімізді  
де жадымызда сақтағанымыз абзал.



Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін  
әркім өзгені емес, өзін қамшылауға  
тиісті.



---

*Санадағы серпіліс стратегиясы*

Бойымыз да, ойымыз да азат  
болсын.



Басыңдағы бақытты бағалай алу  
үшін оның қадір-қасиетін толық  
танып-білуің қажет.



*Туған елім – тірегім*

Ел болу үшін Ұлттық рух, Ұлттық қасиет және Ұлтқа деген сенім болуы керек.



Әскери қақтығыстардың жосықсыз екенін әлемнің ұғынғанына зор сенім артсақ та, парасатты мемлекет басқа үкіметтердің уәдесіне сеніп қана қоймай, өз елінің қуатына да сүйенетінін ұмытпағанымыз жөн.





Айқайшыл күшіңмен емес, игілікті  
ісіңмен таныл.



Мінезіміздің жақсы жағын  
жалғастықпен сезіне алмағанымыз  
да, жаман жағынан біржолата безіне  
алмағанымыз да рас.



*Туған елім — тірегім*

ҰЛТТЫҚ НАМЫС — ҰЛЫ ҰҒЫМ.



Кешегі бабамызбен ғана емес,  
бүгінгі бағамызбен, ертеңгі  
шамамызбен де мақтана алатын ҰЛТ  
болуды ойлауымыз керек.



---

*Санадағы серпіліс стратегиясы*

Біз — бабалары басының қадірін арттыруды басты мұрат санаған елдің баласымыз.



Бойында қаны бар, намысы бар әрбір азамат енді тәуелсіздікті қалай кемелдендіреміз, елдің көсегесін қайтсек көгертеміз деп ой-санасын қамшылауы керек.



*Туған елім – тірегім*

Әрбір адам бала кезінен: Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн.

ТОҒЫЗЫНШЫ  
бөлім

---

*Келешекке  
бет түзеген  
көш-керуен*



---

*Туған елім – тірегім*

Жаңа Астана — ежелгі қазақ  
жерінің төрі.



Елімізге бойына ата-бабамыздың  
ел мен жерге деген сүйіспеншілік  
қасиеті дарыған, егеменді елімізге  
аянбай қызмет ететін, ой өрісі кең,  
алғыр да, жүректі, сауатты да  
салауатты азаматтар қажет.



*Келешекке бет түзеген көш-керуен*

Астанасына қарап елін таниды.



Өзіне. өзі сын көзімен қарамайтын халық болашағына көп үміт арта алмайды. Біз бойымыздағы озығымыздан үйреніп, тозығымыздан жирене білсек қана өркениетті мемлекет, еңселі ел боламыз.



*Туған елім – тірегім*

Астана келбеті — ұлт келбеті.



Жаңа астананың қаласы да,  
адамдарының санасы да жаңа  
болсын.





---

*Келешекке бет түзеген көш-керуен*

Астана — Отанымыздың жүрегі,  
тәуелсіздігіміздің тірегі.



Біз — алыс сапарға бел буып,  
кемемізді тәуекел дариясына түсірген  
елміз, елес үмітті емес, ерлік пен елдік  
мұратын кемеміздің тұғырына ту етіп  
байлаған елміз.



---

*Туған елім – тірегім*

Жаңа астана — тәуелсіз Қазақстан  
үшін жарқын келешектің нышаны.



Тарихымыздың жалғасы, өміршең  
істеріміздің арнасы бұдан былай да  
жаңа астанада жалғасын таба беруі  
тиіс.



---

*Келешекке бет түзеген көш-керуен*

Қазір бой жарыстыратын заман  
емес, ой жарыстыратын заман.



Тәуелсіздік туын тігуге  
қаншалықты қажыр-қайрат керек  
болса, оны құлатпай сақтап қалуға  
соншалықты қажыр-қайрат керек.



---

*Туған елім – тірегім*

Егер сыпайылық адам көркі десек,  
ол дарынды жастарды одан әрі  
көріктендіре түседі.



Арпалыспен келмесе — шынайы  
азаттық бола ма? Оңайлықпен келсе  
оның қадірі бола ма? Қадірі жоқ  
нәрсе қолда ұзақ тұра ма?!



---

*Келешекке бет түзеген көш-керуен*

Өсер елдің баласы арманшыл болса, өшер елдің баласы жанжалшыл болады.



Талант — Жаратқанның сыйы ғана емес, сонымен бірге өзіңнің алдындағы, қоғам мен Отан алдындағы жоғары жауапкершілік те.



---

*Туған елім – тірегім*

Өзгелердің тек қатесінен ғана емес,  
жетістіктерінен де үйренген жөн.



Кез келген ел өзінің келешегін  
өскелең ұрпағымен байланыстырады.



---

*Келешекке бет түзеген көш-керуен*

Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар;  
Әлемде егемен Қазақстан бар;  
Оның көп ұлтты, тату, ынты-  
мақшыл халқы бар;  
Қуатты экономикасы, сенімді саяси  
жүйесі бар;  
Ең бастысы — бүгіннен нұрлы,  
бүгіннен кемел болашағы бар;  
Сол күнге берік сенімі бар!



---

*Туған елім – тірегім*

Еңсесін енді көтеріп келе жатқан  
біздің еліміз үшін дарынды ұрпақтың  
орны мүлде бөлек.



Енді біздің ел атқа қонады: дүйім  
дүниенің қандай дүбірлі додасына да  
тайсалмай түсіп, кім-кіммен де  
жалтақсыз жарысатын болады.





*Келешекке бет түзеген көш-керуен*

Басқаға жалтақтайтын күннен кеттік. Бар байлығымыз өзімізге бұйыратын еттік.

Қоғамның саяси тұрақтылығы мен бірлігіне жеттік.

Қысқасы, егемен ел болудың ең ауыр белесінен өттік.



*Туған елім – тірегім*

Біздің жастарымызға мақсаткерлік, болашаққа деген шүбәсыз сенім, мойымас жігер, кез келген істі қолға алуға деген құлшыныс тән.



Жастарымыз салт-дәстүрімізді көздің қарашығындай бағып жүретін, көптің көкейіне үміт отын жағып жүретін, адамзаттың озық ой көгінде ағып жүретіндей болуы тиіс.



---

*Келешекке бет түзеген көш-керуен*

Қолымыздан қайрат, санамыздан ақыл кетпесе, жақсылыққа жетеріміз де хақ.



Ұлылардың мұрасы да, мұраты да, атақ-даңқы да, мерейтойы да — кейінгіге үлгі. Ал үлгіге қарап ұрпақ өседі.



---

*Туған елім – тірегім*

Тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ  
кешуінен, беттен қағар желінің  
есуінен тайсалмауға тиіспіз.



## Пайдаланылған әдебиет

Н.Назарбаев. Әділеттің ақ жолы. Алматы, “Қазақстан”, 1991.

Н.Назарбаев. Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде. Алматы, “Қазақстан — ХХІ ғасыр”, 1993.

Н.Назарбаев. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. Алматы.

Н.Назарбаев. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. Алматы, “Қазақстан”, 1996.

Н.Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. Алматы, “Өнер”, 1996.

Н.Назарбаев. Қазақстан — 2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы.  
Алматы, "Білім", 1997.

Н.Назарбаев. Жаңа астана — жаңа мемлекет — жаңа қоғам. Астана, 1998.

Н.Назарбаев. Қалың елім, қазағым.  
Алматы, "Өнер", 1998.

Н.Назарбаев. Тарих толқынында.  
Алматы, "Атамұра", 1999.

## Мазмұны

Ой тербеген орамдар	3
<i>Бірінші бөлім</i>	
Еңсемді көтерер елім бар	7
<i>Екінші бөлім</i>	
Бабалар рухы – аруақтар желеп-жебегей	13
<i>Үшінші бөлім</i>	
Тарихтың тегеурінді тасқынында	21
<i>Төртінші бөлім</i>	
Тіл мен діл, дінім - дем берер тінім	33
<i>Бесінші бөлім</i>	
Өмір бір аққан дария...	49
<i>Алтыншы бөлім</i>	
Өркениет өлкесіндегі өріс	61
<i>Жетінші бөлім</i>	
Ырысын ынтымақтың ұлықтайық	73
<i>Сегізінші бөлім</i>	
Санадағы серпіліс стратегиясы	91
<i>Тоғызыншы бөлім</i>	
Келешекке бет түзеген көш-керуен	109

**Нүрсұлтан Назарбаев**  
**ТУҒАН ЕЛІМ — ТІРЕГІМ**

Құрастырушылар:  
*Махмұт Қасымбеков, Қадыр Әлімқұлов*  
Дизайншы *Ж.Болатев*

ИБ 80015

Басуға 25 12 2000 қот қойылды. Пінші 60x100/32. Офсеттік қағаз. Шартты  
баспа табағы 5,2. Есепке алынған баспа табағы 1,496. Тапсырыс 4224.

Республикалық мемлекеттік «Рауан» баспасы 480009  
Алматы қаласы, Абай даңғылы 143

«Дәуір» ЖАҚ «Кітап» республикалық өндірістік бірлестігі  
480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй

Тапсырыс берушінің дайын диапозитивінен басылды.